
СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ЕРЕЖЕСІ


Қызметтік қолданысқа арналған басылым

Ақтөбе, 2023 жыл

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Н.Е.Қартжан



БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Басқарма отырысының шешімі негізінде (№ хаттама, 2023 жыл) Басқарма Төрағасы – Ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жанасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

1. Жалпы ережелер

Ереже жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханалардағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығының негізінде жасақталды.

1.1. №1, № 2, № 3 студенттер үйі оқу кезінде шетелден, басқа қаладан, облыстан және шалғай аудандардан келген білімалушыларды орналастырылады (қала аумағындағы елді – мекендегі білімалушылар қарастырылмайды).

1.2. Студенттер үйінде тұру үшін қажетті санитарлық жағдайлар қамтамасыз етіледі.

1.3. Студенттер үйінде рұқсат етілмеген студенттерге тұруға тыйым салынады.

1.4. Студенттер үйіне мұқтаж студенттер толығымен орналастырып болғаннан кейін, арнайы құрылған комиссияның шешімімен университеттің оқытушылар мен қызметкерлеріне студенттер үйіне орналасуға рұқсат беріледі.

1.5. Студенттер үйі санитарлық нормаларға сәйкес демалыс бөлмесімен, санитарлық-гигиеналық бөлмелермен қамтамасыз етіледі.

1.6. Студенттер үйінің материалдық базасын нығайту, дамыту, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жалпы басшылық жұмыстары Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті және шаруашылық қамтамасыз ету офисі, Қаржы және экономика департаментіне жүктелген.

1.7. Студенттер үйінің тұрғындары мен университет әкімшілігі арасында жалдау келісім шарты жасалынады (*келісім шарттың нұсқасы қоса беріледі*).

1.8. Студенттер үйіне студенттердің өтінішін қабылдау әр оқу жылының тамыз айында Smart Arsu мобильдік қосымшасы арқылы қабылданады. Бос орындар туралы осы мобильдік қосымша арқылы бақыланады.

2. Студенттер үйінде тұратын студенттердің құқықтары мен міндеттері

2.1. Студенттер үйінің тұрғындары құқылы:

2.1.1. - оқу мерзімі ұзартылатын болса ішкі ережелерге сәйкес оқу жылы ішінде ереже бойынша бекітілген бөлмеде (*секцияларда, бөлмеде*) орынын сақтай отыра тұру мерзімін ұзартуға;

- студенттер үйінің білім беру және мәдени мақсаттағы нысандарын, жабдықтарын, құралдарын пайдалануға;
- студенттер үйінің кеңесін сайлауға және оның құрамына сайлануға;
- университет басшылығы мен студенттер үйінің тұрғындары арасындағы үй-жайды жалдау шартының төлеу тәртібі бойынша келісіммен анықталатын қосымша (*ақылы*) қызметтерді алуға;

- университет басшылығы мен студенттер үйінің тұрғындары арасындағы үй-жайды жалдау шартының төлеу тәртібі бойынша келісіммен анықталатын қосымша (ақылы) қызметтерді алуға;

2.2. Студенттер үйінің тұрғындары міндетті:

2.2.1. - студенттер үйі туралы ережені, қауіпсіздік шаралар туралы, өрт қауіпсіздігі туралы және санитарлық ережелерді және келісім шартты қатаң сақтау;

- студенттер үйінің бөлмелеріне, жабдықтары мен құралдарына ұқыптылықпен ұстау, энергия мен суды үнемді пайдалану, бөлмелер мен жалпы аумақтарды таза ұстау, бөлмеден шыққан кезде терезелерді жабу, жарықты, суды, электр аспаптарын өшіру;
- бөлмелерде күнделікті тазарту жұмыстарын жүргізу;
- жасалған келісімге сәйкес тұру және қосымша қызметтерге ақы төлеу;
- студенттер үйіне Қазақстан Республикасының заңнамасына және келісім шартқа сәйкес келтірілген материалдық зиянды өтеуге;
- сағат 22-00-ден 06-00-ге дейін тыныштық режимін сақтау;
- бір отбасынан шыққан (туған) студенттер бірге орналаса алады.

2.3. Тұрғындар сабақтан тыс уақытта олардың келісімімен мыналарға қатыса алады:

- студенттер үйінің аумағына абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізу;
- университеттің немесе студенттер үйінің қоғамдық іс –шараларына белсене қатысу.

2.4. Қатаң тыйым салынады:

2.4.1. - студенттер үйіне мас күйінде келу, студенттердің қадір-қасиетін қорлау;

- бөлмеден бөлмеге себепсіз көшуге рұқсат етілмейді;
- бөлмелерде, дәліздерде және жалпы аумақтарда темекі шегу;
- ішімдіктер ішу мен құмар ойындарын ойнау, соның ішінде карта ойындарын ойнау;
- есірткі және психотроптық заттарды сақтау, пайдалану және тарату;
- суық, газ, травматикалық және атыс қаруының кез келген түрін сақтау және тасымалдау;
- діни экстремизм шараларын өткізу;
- теледидар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар және басқа да шулы құрылғыларды бөлме ішінде пайдалану және түнде дыбысты қатты шығарып ән салу, шулау;
- қызмет көрсететін қызметкерлерге дөрекі таныту және қорлау;

- бөлмелердегі есіктердің құлыптарын өз еркімен ауыстыру немесе оларды қосымша орнату;
- бөлмеде электр жылытқыштарын, ұзартқыштар пайдалану;
- қоқыс жәшіктерін бөлмеде ұстауға тыйым салынады;
- студенттер үйінің ережесін өрескел бұзу фактілері туралы студенттер жасырған жағдайда университет әкімшілігі университеттен шығарылғанға дейінгі шараларды қолдану;
- студенттер үйіне қайта орналасу келісім шарт негізінде жүзеге асырылады;
- өрт қауіпсіздігі ережелерін немесе электр құрылғыларын пайдалану бойынша нұсқаулық бұзылған жағдайда, тәртіп бұзушыны студенттер үйінен шығару.

2.5. Студенттер үйінде ішкі тәртіп ережелерін бұзып студенттер үйінен шығарылған жағдайда алдын ала төленген төлем сомасы қайтарылмайды.

2.6. Студенттер үйінің ережесін бұзғаны үшін тәртіптік жаза түрлері тәртіп бұзушылықтардың түрлеріне байланысты беріледі:

- қатаң сөгіс;
- студенттер үйінен шығару;
- келесі оқу жылына орналаса алмайды;
- университеттен шығару.

2.7. Студенттер үйінің әкімшілігіне, тұрғындардың тұрмыс тіршілігіне және студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға көмек көрсеткені үшін студенттік кеңес құрамы қабат старосталары мен басқада белсенділерді университет басшылығымен келісе отырып оларды көтермелеу бойынша әлеуметтік қолдау көрсете алады.

3. Университет әкімшілігінің міндеттері

3.1. Университет әкімшілігі міндетті:

- студенттерге тұру мен демалуы, өз бетімен оқуы (*оқу залы және т.б.*), мәдени-сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- студенттер үйінің нормаларына негізделген жабдықтармен, жиһаздармен, төсек -орындармен және басқа да жабдықтармен жабдықтау;
- студенттер үйін техникалық қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз ету (*күзетшілер, тазалаушылар, электриктер, сантехниктер және т.б.*);
- санитарлық ережелерге сәйкес қажетті жылу жағдайлары мен жарықтандыруды қамтамасыз ету;

- студенттер үйіне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізу;
- студенттер үйінің аумағында белгіленген өткізу режимін қорғауды қамтамасыз ету және сақтау;
- жедел медициналық көмек пунктін және жедел ауру жағдайында тұрғындарды уақытша қондыру үшін оқшаулағышты орналастыруды қамтамасыз ету (*дәрігерлердің ұсынысы бойынша*).

4. Студенттер үйінің меңгерушілерінің жауапкершілігі

4.1 Студенттер үйінің меңгерушісі университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

4.2. Студенттер үйінің меңгерушісі мыналарды қамтамасыз етуі керек:

4.2.1. Студенттер үйінің қызметкерлерін тікелей басқару;

- студенттер үйіне орналастыру барысында студенттерді тұру ережелерімен таныстыру;
- тұрғындарды қажетті құрал-жабдықтармен және инвентарлармен қамтамасыз ету, санитарлық нормаларға сәйкес төсек-орын ауыстыру;
- студенттер үйінің үй-жайларын (*жалпы пайдалану, тұрғын емес*) және оның аумағын тиісті тазалық пен тәртіпте ұстау;
- тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі ұсыныстарын әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментіне (*департамент директоры*) жеткізу;
- тұрғындардың студенттер үйінің ережесін бұзған жағдайы туралы факультет декандарына, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің басшысына хабарлау;
- тұрғын үйде тұратын студенттерді уақытша тіркеуге тұруын қамтамасыз ету;
- студенттер үйінің студенттік кеңесіне өзін-өзі басқаруды дамытуға көмектесу.

5. Студенттер үйіне орналастыру немесе шығару тәртібі

5.1. Студенттер үйіне орналасу бойынша орындар төмендегі тәртіпке сәйкес мұқтаж студенттерге беріледі:

- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер тегін (ақысыз) орналастырылады;
- ерекше қажеттілікті қажет ететін студенттер;
- шетел азаматтары;
- қандастар;

- «Серпін» бағдарламасы және мемлекеттік гранттар бойынша студенттер;

- үздік студенттер, халықаралық және республикалық олимпиадалардың, спорттық жарыстар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары;

- толық емес, көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттер;

- Ақтөбе облысының шалғай аудандарынан келген студенттер;

- Қазақстанның басқа аймақтарынан келген студенттер.

5.2. Студенттер үйі оқу кезеңінде ҚР басқа қалаларынан, облыстары мен аудандарынан келген студенттердің, магистранттардың, сондай-ақ баспанаға мұқтаж оқытушылардың тұруға арналған.

5.3. Студенттер үйіне тіркеуге тұру үшін студенттер тұрақты тұрғылықты жерінен тіркеуден шығарылуы керек.

5.4. Студенттер Үйіне орналасу студенттер университеттің «SmartARSU» мобильді қосымшасы арқылы Студенттер үйінде орын беру құқығын растайтын құжаттарды электрондық форматта (*pdf, jpeg, png*) қоса жалғап, өтініш береді (*жеке куәлік, студенттік емханадан денсаулық жағдайы туралы анықтама, әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттар, студенттер үйінде тұрғаны үшін төлем түбіртектері*).

5.5. «SmartARSU» мобильдік қосымшасы арқылы орын алған студенттерді студенттер үйіне орналастыру бұйрық бойынша жүзеге асырылады.

5.6. Студенттер үйінің меңгерушісі университет ректорының бұйрығы негізінде студенттер үйіне студенттерді орналастырады.

5.7. Орналастырғаннан кейін Студенттер үйінің меңгерушісі студенттерді Студенттер үйінің мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша тіркеуді қамтамасыз етеді.

5.8. Студенттер үйінен студенттерді шығару университет ректорының бұйрығымен келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- студенттік үйінің жалдау шартын бұзу;

- студенттің жеке өтініші бойынша;

- студенттер үйінің студенттік кеңесінің шешімі негізінде;

- студент университеттен шығарылған кезде;

- оқу жылының соңында.

5.9. Студенттер үйінен шығарылғаннан кейін студенттер үйінің меңгерушісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес студентті уақытша тіркеуден шығарады.

6. Студенттер үйінің бақылау жүйесі

6.1. Орналасқаннан кейін тұрғындардың рұқсатнамасы «SmartARSU» мобильдік қосымшасы арқылы көрсетіледі.

6.2. Студенттер үйіне кіруге және шығуға 15 сәуірден 15 қазанға дейін сағат 6.00-ден 23.00-ге дейін, қалған уақытта 6.00-ден 22.00-ге дейін, белгілі бір себептермен студенттер үйінде болмайтын жағдайларда студенттер меңгерушіге ескерту керек, осыған орай жазба журналы жасалады.

6.3. Тұрғындардың туыстары мен қонақтары жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуы керек. Студенттер үйіне студенттің туғандары мен оған келушілер студенттер үйінің меңгерушісінің рұқсатымен және студенттің қатысуымен кіруге болады. Бұл жағдайда кіреберістегі кезекші (*кузетші*) журналға тиісті жазба енгізеді.

6.4. Студенттер үйінде тұратын студенттердің туыстары студенттер үйінің әкімшілігі белгілеген уақытта кіруі мүмкін. Туыстарының уақтылы кетуіне және олардың ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына студенттер үйінде тұратын студент жауап береді. Студенттер үйінде бөгде адамдарды түнде қалдыруға тыйым салынады.

6.5. Студенттер үйінен үлкен заттарды шығару студенттер үйінің меңгерушісі берген арнайы рұқсатнамасы бойынша рұқсат етіледі. Үлкен заттарды шығарар кезде студенттер үйінің меңгерушісі арнайы журналға тіркеуі керек.

7. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі

7.1. Студенттер үйінде студенттік тәртіптік кеңесі тұрғындар арасынан білдіретін студенттік тәртіптік кеңесі құрамы сайланады.

7.2. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі студенттер үйінің тұрақты өкілдік ұйымы ретінде құрылады және студенттер үйінің ережесінің негізінде жұмыс жасайды.

7.3. Студенттер үйі студенттік тәртіптік кеңесінің негізгі мақсаттары:

- тұрғындардың дағдылар мен өзін-өзі басқаруын қалыптастыру;
- студенттерді басқаруға қатысты құқықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- қабат старосталарының жұмысын үйлестіру;
- студенттер үйінің қоғамдық жұмыстарына және оған жақын аймақтарға ерікті түрде жұмысқа тарту.

7.4. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесінің негізгі міндеттері:

- студенттер үйінде тұратын студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау және ұсыну;
- тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге көмек көрсету;

- студенттер үйінің әкімшілігімен келісе отырып, студенттерді көшіруге, аударуға және шығаруға байланысты жұмыстарды ұйымдастыру мәселелеріне қатысу;

- студенттер үйінің тұрғындары арасындағы жанжалдарды шешу;

- студенттер үйінде тұратын студенттердің тұрмыс-тіршілік жағдайын жақсартуға байланысты ұсыныстар бойынша университет әкімшілігіне жеткізу;

7.5. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі тұрғындардың дауыс беруімен сайланады. Әр қабат старосталары қабаттағы студенттердің жалпы жиналысында сайланады.

7.6. Отырыста талқылауға шығарылған мәселелер бойынша шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады.

7.7. Студенттер үйінің тәртіптік кеңесі келесі құрылымға ие:

- қабат старосталарының кеңесі;

- жұмыс бағыттары бойынша комиссиялар (*оқу-ұйымдастыру секторы, ішкі мәселелер секторы, мәдени сектор*).

7.8. Қабат старостасы қабаттағы (*секцияның*) жалпы жиналыста қарапайым көпшілік дауысымен сайланады.

7.9. Қабат старосталары (*секцияның*) тұрғындардың студенттер үйінің меншігі мен жабдықтарына ұқыпты қарауын, тұрғын үй-жайларды таза және ұқыпты ұстауын қадағалайды.

7.10. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі - кеңес төрағасы, орынбасарлары мен мүшелерінен, қабат старосталарынан тұрады.

7.11. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесінің төрағасы кеңес мүшелерінің арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы екі жылға дейінгі мерзімге сайланады.

7.12. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі университет әкімшілігімен ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Университет әкімшілігінің өкілдері студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңес отырыстарына қатыса алады.

7.13. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі құқылы:

- тұрғындардың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік және қаржылық мәселелерді қарауға қатысу;

- тәртіп бұзушылыққа және студенттер үйі туралы ережеге қатысты мәселелерді қарауға қатысу;

- университет әкімшілігіне студенттер үйінде тұратын студенттердің өтініштері мен шағымдары бойынша ұсыныстар енгізу;

7.14. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі:

- студенттер үйінде тұру ережелеріне сәйкес студенттерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- студенттер үйінде тұратын студенттердің барлық өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы қарау;
- студенттер үйінде тұратын студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;

КЕЛІСІЛГЕН:

Басқарма мүшесі -
Әлеуметтік және тәрбие жұмысы
жөніндегі проректор



Муханбеткалиев Е.Е.

Басқарма мүшесі, Қаржы және
инфрақұрылым жөніндегі проректор



Есенбаева Г.Е.

Заң департаментінің директоры



Алиманова Л.Б.

